

Жұмабай ӘБІЛ
(Түркістан)

ДИАЛОГ КОМЕДИЯ ТЕАТРЫ

Эта статья посвящена внутренней классификации фольклорного театра. Автор ее называет театром диалогической комедий. О существовании театра диалогической комедий доказано примерами и функциями распределяющих факторов театра диалогической комедий

Makale, Halk Tiyatrosunun iç sınıflanmasına yöneliktir. Yazar, bunu "Diyalog Komedisi Tiyatrosu" olarak adlandırmaktadır. Diyalog Komedisi Tiyatrosunun var oluşu, faktörlerin fonksiyonu ve örnekleri ile kanıtlanmıştır.

Мақаланың тақырыбының өзі-ақ бұл қандай театр деген сауал туғызатыны сөзсіз. Себебі, жер жүзі халықтарында бұндай театр туралы ұғым да жоқ, бұндай театр атауы да жоқ екендігіне ешкімнің дауласа қоймайтыны ақиқат нәрсе. Өкінішке орай бүкіл азамат баласы сан ғасырлар бойы сол театрдан нәр алып, сол театрмен үнемі сусындап отыратынын біле бермейді.

Белгілі бір табиғи құбылыстардың затына сенгенмен атауына сенбейтін көріністер өмірде жиі кездесіп қалады.

Диалог комедия - жаңа терминдік атау. Бірақ, оның атқаратын қызметімен біз күн сайын жүзбе-жүз ұшырасамыз. Тіршілік иелерін диалог комедия арнайы мәдениет ошақтарында да ресми емес орындарда да күн сайын қарсы алады. Театр немесе концерт залдарынан біз диалог комедияның неше алуан түрлерін кездестіріп жүрміз. Олар "Шаншар", "Тамаша", "Жаңаша" немесе "Ұят болмасын", "Шатақхана", "77 күн" деп атала салады. Осыларды біз негізінен профессионал театр немесе теледидар сахнасынан күн сайын көріп келеміз. Бұл әрине, диалог комедияның кәсібиленген көріністері. Кәсібиленген көріністерінен күнделікті тұрмыс-тіршілік аяқ алып жүре алмайтындығымызды да біліп қойғанымыз жөн.

Көшпелі өмір сүрген қазақ халқында орындаушылық өнердің кәсібилену процесі ХХ-ғасырдың бас кезінде ғана көрініс тапты. Бұған дейін үйлестіруші факторлардың репертуарлық тармақтары ретінде дамып отырды. Осыған орай диалог комедия репертуары халық театры репертуары сияқты тұрақты емес, көбіне жылжымалы болып келеді. Оның жылжымалылығы тұрақты үйлестіруші факторлардың табиғатына қатысты. Осыған байланысты үйлестіруші факторлар топтасқан жерді диалог комедия театры деуге әбден болады. Бұның ұзақ тарихы бар. Қазақ профессионал театрына негіз болған осы үйлестіруші факторлардың ықпалымен жасалатын диалог комедия театры. Міне, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі диалог комедияның фольклорлық театрға бір табан жақын тұратындығын осыдан ұғынып, білеміз.

Профессионал театрлар қалыптасқан уақытқа дейінгі аралықтағы театрға тән көріністерді европа және орыс театр танушылары сан ғасырлар бедерінде фольклорлық театр деп атады. Бірақ, осы атаумен салыстырғанда диалог комедия театры деген ұғым нақты. Әрі бұл атау үйлестіруші

факторлардың атқаратын функцияларынан да алшақ емес. Демек, үйлестіруші факторлар диалог комедияның ең басты компоненті ғана емес, сонымен бірге диалог комедия театрын да өмірге алып келді. Әрине, мұндай терминдік атау бізді шарттылықтан құлан-таза күтқара алмайды. Себебі, үйлестіруші факторлар еш уақытта да арнайы шығармашылық орынды таңдауды қажет етпейді. Оның функциясы шығармашылық мақсатпен шектелмейді. Бұл оның функциясының бір ғана компоненті. Ал, енді ХХ-ғасырдың екінші он жылдығындағы Семей, Қарқаралы қалаларында құрылған “Ес аймақ” тағы басқа ойын-сауық үйірмелері негізінен шығармашылық мақсатты көздеді. Жалпы алғанда, диалог комедия театрын екі бөлікке бөлген дұрыс. Біріншісі тұрмыстық диалог комедия театры. Екіншісі шығармашылық диалог комедия театры. Бізге қажеті осының соңғысы.

Халық театрларының кәсібиленген түрі әсіресе ертедегі Греция, бүкіл Европа мен орыс театр өнерінде өте көп байқалған құбылыс. Бұның басты себебі, аталған кең байтақ өлкелерде отырықшылық өмірдің ерте қалыптасуына байланысты диалог комедия орындаушылары өнері ерте кәсібиленді. Әрі бұл кәсібилену көп ғасырға созылды. Сондықтан Европа және орыс халықтары үшін халық театры кәсіби өнер ордасы болып табылады.

Диалог комедия театры өткен ғасырдың 20-жылдары кәсібиленген театрлардан орын алды. Қазақ драма театрын ашуға дайындық кезеңінде құрылған әртүрлі ойын-сауық үйірмелеріне диалог комедия театры деген айдар берсек артық емес. Бірақ бұлар тікелей үйлестіруші факторларға тәуелді емес еді. “Ес аймақ” секілді театр үйірмелерінің жұмыс істеуі оған ел арасында бұрыннан танымал болған Қ.Қуанышбаев, Қ.Байсейітов, Ә.Қашаубаев тәрізді дәнекер орындаушылардың мүше болуы шығармашылық диалог комедия театрының негізі қалануына мүмкіндік берді. Расында да ХХ-ғасырдың бас кезінде қазақ жерінде орыс театрларының ықпалымен пайда болған театр үйірмелерінің диалог комедия театрының көріністері екендігіне дау жоқ. Сол кездегі театр үйірмелерінің ойын-сауық театры деп аталмай үйірме деп аталуы да 20-жылдардың бірінші жартысында профессионал театр өнерінің туа қоймағандығын көрсетеді. Мұндай кәсібиленген шағын-шағын театр үйірмелерінің нақты атауының белгіленбеуі салдарынан театр зерттеушілері оларды драма үйірмелері ретінде қарастырып жүр. Қазақтың ұлттық драма театрының алғашқы қарлығаштары әлгіндей диалог комедия театрларында өнерін шыңдаған. Сол кездегі ойын-сауық үйірмелерінің репертуарында шағын спектакльдермен қатар қазақтың белгілі әншілері мен күйшілерінің, бишілерінің өнері де көрсетіліп отырған. Мұхтар Әуезов профессионал театр сахнасына фольклорлық театрдағы бүкіл орындаушыларды шоғырландыруды үндеген: “Жалпы театр өнері мен қазақ театры” деген мақаласында Халық театры деген сөзді қолданған жоқ [1]. Бұл арада кемеңгер жазушы қазақтың көшпелі өмірінде халық театры болмағандығын есте ұстаған.

Әділін айтсақ, ХХ-ғасырдың екінші он жылдығының өн бойында пайда болған ойын-сауық үйірмелері мен 1926 жылы ашылған қазақ драма театры арасына шекара белгісін қойған дұрыс. Бұл окшау құбылысқа “диалог

комедия театры” деген терминдік ұғым ғана лайықты. Жоғарыда келтірілген “Тамаша”, “Шаншар” сияқты ойын-сауық атаулары фольклорлық театр терминдік атауларын жасаудың тәсілдеріне сүйенілген. Осының өзі-ақ диалог комедияның бүгінгі күнге лайықталған түрлерінің пайда бола бастағанын аңғартады. Тіпті “Тамашаны” немесе “Шаншардың” әр кездегі репертуарының таңдамалы көріністерінің эстетикалық мәнін баяндайтын әлқиссашы, белгілі сатирик Толымбек Әлімбаевты диалог комедиядағы диалогты жүргізуші ретінде қабылдауға болады. Бұдан ұғынатынымыз қазіргі қазақ теледидарынан көрсетіліп жүрген қазақ әзіл-қалжың түрлерінен диалог комедияға тән көптеген компоненттердің элементтерін табуға болады.

Әлбетте, біздің мысал ретінде алып отырғандарымыздың барлығы да диалог комедияның табиғи өмірдегі көріністері емес, оның қазақ теледидарына шоғырланған түрлері. Бірақ қазақ теледидары бұған бірден қол жеткізген жоқ. Ең алдымен “Тамаша” ойын-сауық отауының аркасында дүниеге келген жетістік. Сондықтан диалог комедия әуелім “Тамаша” ойын-сауық отауына шоғырланды. Осының нәтижесінде диалог комедиядағы көп үнді жеке орындаушылық құрылым қайта тіріле бастады. Қалай дегенде де – “Тамаша” ойын-сауық отауы диалог комедия театрының кәсібиленген түрі. Бұл әрі үйлестіруші факторлардың бәсекелес түрі. Аталған ойын-сауық отауы ширек ғасырға жуық уақыттан бері дәнекер орындаушылар мен орындаушы дәнекерлерді маңайына топтап келеді. Әсіресе, орындаушы дәнекерлерді дәнекер орындаушыға айналдырудағы “Тамаша” бағдарламасының атқарған қызметі орасан зор. Мұны біз “Тамаша” арқылы қаншама жас орындаушылардың алғаш рет танылып, бүкіл республикаға белгілі әртістер атанғанынан байқаймыз. Аталмыш ойын-сауық отауын атақ-дәрежесіз ашқан Т.Жаманқұлов пен Қ.Сұлтанбаевтардың бірі бүгінде Қазақстан республикасының халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты атанған.

Қазірде “Тамаша” ойын-сауық отауын дүниеге алып келген профессионал театр өнерінің заңдылығы емес, соның ең алғашқы репертуары қазақтың нағашы мен жиенінің әзіл-қалжыңының негізінде пайда болғанынан да көрермен жұртшылық хабардар. Бұның өзі көп жағдайда импровизацияның күшіне сүйенілді. Ендеше ойын-сауық кешінің бастапқы құрылымы нағашы мен жиеннің диалогтарынан туындағанын мойындаған абзал. “Тамаша” ойын-сауық отауы ашылған соң 4-5 жылдан кейін республиканың түкпір-түкпіріндегі аудан орталықтарындағы мәдениет үйі жанындағы халық театрлары “Жаңаша” деп аталатын ойын-сауық түрлерін көрсете бастады. Бұндай ойын-сауық халық театрларының сахнасында әлі күнге дейін бар. Соның репертуарын негізінен сол ойынды ұйымдастырушылардың өздері импровизаторлық қуатпен жасағаны да ақиқат. Араға тағы да 3-4 жыл салғаннан соң мұндай ойын-сауық отаулары облыстық театр сахналарынан көріне бастады. Шымкент қаласынан “Шаншар” ойын-сауық отауы да халық әзіл-қалжыңының негізінде құрылған. Соңғы он шақты жыл көлемінде мұндай ойын-сауық түрлері әр жерден бой көрсетуде.

Қызығы сол – ойын-сауыққа қатысушылардың қай-қайсысы да театр саласынан кәсіптік білім алмағандар. Ең зорлағанда халық ағарту училищелерін, кейбіреулері мәдениет институттарын сырттай бітіргендер.

Ойын сауық отаулары халық таланттарының әзіл-қалжың туғызу, күлкі шығару мүмкіндіктеріне қарай құрылып жатыр.

Соңғы оншақты жылдың көлемінде республика астаналарындағы, облыс орталықтарындағы театрлар мен аудан орталықтарындағы мәдениет сарайлары сахналарында қазақтың әзіл-қалжыңына негізделген интермедияларды кәсіпқой актерлер мен ауыл сахнасының өнерпаздары жиі орындап жүр.

“Тамаша”, “Шаншар” ойын-сауық отаулары орындаушыларының репертуары қазақтың белгілі сатирик ақын-жазушыларының жүйрік қаламынан туындаған сықақ өлеңдер мен сықақ әңгімелер болмаса шағын-шағын интермедиялардан құралған. Олардағы орындаушылардың барлығы да әзіл және қалжың сөздерді бірден ойдан шығармайды. Дайын көркем туындыларға сүйенеді. Бұдан аңғаратынымыз, қазақ сахнасына диалог комедияның кәсібиленген түрлері келе бастады. Сондықтан “Тамаша” секілді ойын-сауық отауында кәсіпқой актерлар мен ел ішіндегі әуесқой өнерпаздардың да аралас-құралас өнер көрсететін кездері аз емес. Ал, аудан орталықтарындағы әзіл-қалжың отауларының орындаушылары ғана бірыңғай халық өнерпаздарынан тұрады.

Диалог комедия кәсіби театр сахналарына шоғырланғанмен оның репертуары кәсібилене қойған жоқ, яғни, нақты бір драмалық түрге көше алмады. Халық театрының репертуарында орыс халық театрының репертуарындағы “Максимилиан”, “Сад” [2] секілді халық драмасы мүлдем жоқтың қасы.

Диалог комедия орындаушылары өнерінің кәсібиленген түрлерінің көбеюі диалог комедия театрын бірте-бірте профессионалдық театр өнеріне жақындата түсті. Бірақ, олардың ішінен тікелей драма жанрына қатыстылары опера, драма және музыкалық драма театрлары ғана. Демек, фольклорлық театр орындаушылары өнерінің кәсібиленуі о бастан диалог комедия театры мен драма театрларына бейімділік жағдайында дамыды. Жалпы диалог комедия жанрының басқа өнер түрлерінен бөлініп шығуын диалог комедия театры мен драма театры тобындағы өнер түрлері деп екіге бөлген дұрыс. Бір қызығы қазірде жеке дара аталып жүрген сандаған шығармашылық ұжымдардың көпшілігі диалог комедия театры тобындағылар. Эстрада цирк, би өнерінің туын желбіретіп жүрген шығармашылық топтардың қай-қайсысы да диалог комедия театры тобына қосылады. Олай болса, диалог комедияның дәстүрлі емес түрлері қаулап өскен кешегі кеңес дәуірінде де диалог комедия театры тобындағы кәсібиленген өнер түрлерінің саны мүлдем көбейіп кетті. Олар диалог комедияның жеке орындаушылық көп үнді құрылымын байытушы өнер ұжымдары ретінде қызмет етті. Солардың біразын өнер ансамбльдері, тіпті оркестрлер құрайды. “Досмұқасан”, “Гүлдер”, “Ақбаян”, сондай-ақ “Алтын-ай” ән-би ансамбльдерімен қатар, “Құрманғазы”, “Отырар сазы”, “Сазген” секілді халық аспаптары оркестрлері мен фольклорлық ансамбльдер осындай функция атқарды. Өйткені, олардың әрқайсысы жеке орындаушылық ұжымдарға жатады. Сондықтан да, сол өнер ұжымдарының атауларын диалог комедия театрының терминдік атаулары ретінде қабылдаған жөн. Бұдан шығатын түйін кеңес дәуірінде диалог комедия өзінің

ежелгі дәстүрлерінен біржола ажырай қойған жоқ. Жаңа уақытқа байланысты әрі батыс және орыс эстрадалық музыкасы ырғағымен дамыды. Бірақ, мұның өзі де диалог комедия театры тобына кіреді. Мұндағы басты ерекшелік диалог комедиядағы ғұрыптық, салттық сенімдік үйлестіруші факторлардың орнын дараланған шығармашылық ұжымдардың алмастыруы. Бұларды түгелімен шығармашылық диалог комедия театры десек жаңылыспаймыз.

Жеке орындаушылық ұжымдар өзінің айналасына тек қана диалог комедиядағы дәнекер орындаушыларды топтастырады. Ондай ұжымдар өнердің белгілі бір түріне ерекше бейімділігі бар адамдардан жасақталады. Ондағы дәнекер орындаушылар тұрмыстық үйлестіруші факторлар кезіндегі диалогтар жарыспалылығына қатысып, одан әрі даралану процесіне қатыса алмайды.

Диалог комедия театры терминін енгізу барлық диалог комедия жанрының барлық түрлеріне кәсібиленген шығармашылық тұрғысынан қайта жаңғыртуға мүмкіндік туғызады. Диалог комедия театрларын ашқан жағдайда дәстүрлі үйлестіруші факторлардың сахнаға бейім түрлері де ауылдық, қалалық мәдениет үйлерінің репертуарынан кеңірек орын алар еді. Бұрынғы көркемөнерпаздар байқауы деген тіркестердің орнына диалог комедия театрларының байқауы деген ұғымдар пайда болар еді. Әрі мұндай байқау тек көркемөнерпаздар өкілдерінің арасында ғана өтіп қоймай, қалалық, облыстық, тіпті астаналық профессионал диалог комедия театрларының арасындағы өнер жарысына да айналар еді. Әрине, мұндай диалог комедия театры халқымыздың бойындағы суырыпсалмалық қасиеттерді өрнектеуді айтыс өнерінің еншісіне ғана беріп қоймай, осы театр арқылы дәнекер орындаушылармен қатар, профессионал өнер ұжымдарының шығармашылығынан да жан-жақты көрінер еді.

Диалог комедия театрын тек үлкен қалаларда ғана емес, ауылдық, аудандық, облыстық мәдениет үйлерінің жанынан ашу қажеттігі бұдан көп уақыт бұрын туындаған проблема. Бұл кезінде елеп-ескерілмеді. Себебі, комедия жанрының ықылым замандардан бері эстетикалық функция атқарып келгені анықталмаған еді. Ал, диалог комедия өнердің кез-келген саласындағы орындаушы дәнекерлер мен дәнекер орындаушылардың шығармашылық қабілет-қарымына сүйенілгендіктен де, олар диалог комедия театрларында өнер көрсетуі тиіс. Жырау да, әнші де, күйші де, жыршы да әзіл-сықақ шеберлері де, термешілер де жылжымалы эстетикалық тұлғалар болып табылады. Олардың барлығы да диалог комедия театрларының орындаушылары. Сондықтанда, жеке орындаушылар мазмұнына атауы мүлдем сай келмейтін театрларда, концерт залдарында өнер көрсетуге мәжбүр болып жүр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Шығармаларының 20 томдығы. Алматы: Жазушы. 1984 ж.
2. Фольклорный театр. Москва: Искусство. 1978 г.